

«А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті» РМҚ

РГП «Костанайский
государственный университет имени
А.Байтұрсынова»

АНЫҚТАМА

ғылыми кеңес отырысына
29.05.2020 ж.
Қостанай қаласы

СПРАВКА

на заседание ученого совета
29.05.2020 г.
город Костанай

Оқу үрдісінде профессорлық-оқытушылық құрамның АКТ қолдануы және студенттер мен ПОҚ заманауи оқу-зертханалық және мультимедиялық жабдықтар, тиісті салаларда қолданылатын арнайы бағдарламалық құралдар мәселелері бойынша технологиялық қолдауды қамтамасыз ету шаралары туралы

Білім беруде АКТ-ны қолдану педагогтар мен білім алушылардың еңбек өнімділігін арттыруға, оқыту мен өзіндік білім берудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан, білім беру ұйымдарында қалыптасуды және дамуды талап ететін негізгі құзыреттердің арасында АКТ құзыреттілігі ерекше орын алады. .

2013 жылдан бастап инновациялық білім беру технологиялары зертханасының негізінде бейне дәрістер мен электронды білім беру ресурстарын әзірлеу және қолдану бойынша әртүрлі оқу іс-шаралары өткізіліп келеді. Бұл қызмет түрлеріне жатады:

➤ Семестр бойы өткізілген курсатр (20018 жылға дейін кафедралардағы АКТ оқытушыларымен өткізілді);

➤ «Электрондық білім беру ресурстарын дамыту және қолдану» тақырыбы бойынша 3 күндік курстар (2018-2019 оқу жылы, 1 және 2 семестрде);

➤ Педагогикалық шеберлік мектебінің бағдарламасы (оқу процесінде электронды білім беру ресурстарын қолдану бойынша 4 сабақ).

Бұдан басқа «ИННОВА» конференциясының, инновациялардың әдістемелік айлықтары аясында жыл сайын секциялар мен шеберлік сыныптары өткізіледі. Сонымен, 2018-2019 оқу жылында «Kahoot жүйесіндегі интерактивті технологиялар», «Оқытушының веб-сайтын құру», «Оқу үрдісіндегі бұлтты технологиялар», «Қашықтан оқыту жүйесіндегі ISPRING бағдарламасының мүмкіндіктері» тақырыптарында семинарлар өткізілді.

Иституттардың кафедраларында білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде әртүрлі салаларда қолданылатын бағдарламалық өнімдерге ұқсас бағдарламалық өнімдер қолданылады. Мысалы, Электроэнергетика

кафедрасында AutoCAD, Matkad, Matlab, Ақпараттық жүйелер кафедрасы - Комсол Мальтифизикс, Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасында - 1С: Бухгалтерия бағдарламалық кешені, Бағдарламалық қамтамасыздандыру кафедрасында - 3DMax және әртүрлі бағдарламалау орталарының жиынтығын қолданылады.

Пандемиядан кейін оқу процесінің ұйымдастырылуы бұрынғыдай емес, аралас болуына байланысты оқытушылар өздерінің IT-құзыреттерін жетілдіруі керек: бұл оқу процесін ұйымдастыруда түрлі платформаларды қолдану ғана емес, сонымен қатар бейнематериалдар жасау, студенттерді бағалаудың әр түрлі электронды мүмкіндіктерін зерделеу және кері байланысты іске асыру.

2019-2020 оқу жылы «ЭБР дайындаудың заманауи электрондық бағдарламалары» атты 2 күндік оқыту семинары, онлайн режимінде «ЗУУМ электрондық платформасы жұмысының негіздері» атты семинар өткізілді.

Сонымен бірге, вебинарлардың мониторингі барлық оқытушылардың материалдарын презентация түрінде пішімдей алмайтындығын көрсетті (слайдтарда мәтін сөздері көп, материал құрылымдалмаған). Әзірге оқытушылар жыл сайын тек 100-ге жуық видео-дәрістер түсіреді, бұл аралас оқытуға көшу жағдайында жеткіліксіз екені сөзсіз. Аралас оқытуда бейне дәрістер студенттердің өзіндік жұмысының негізі болып табылады.

Оқытушылардың тиісті дайындықсыз, қажетті АКТ дағдыларынсыз қашықтықтан оқытуды дамыту мүмкін еместігін мойындау керек.

Корпоративтік оқыту бағдарламасы аясында Қашықтықтан оқыту және кәсіптік дамыту институты ПОҚ қашықтықтан оқытуға рұқсат беру бойынша оқыту семинарларын өткізеді, оған жалпы көлемі 252 сағатты құрайтын 6 модуль кіреді.

Университетте қашықтықтан оқыту технологиясын қолданудың барлық кезеңінде 2010 жылдан 2020 жылға дейін 392 оқытушы мен қызметкерлер ҚБЖҚД институтында оқыды (олардың 92-сі университетте жұмыс істемейді). Тек ағымдағы 2019-2020 оқу жылында 84 оқытушы оқытылды (бірақ міндетті семинарлардың толық циклін барлығы бірдей аяқтаған жоқ).

Университет оқытушылары үшін семинарлар тегін өткізіледі. Оқытушының қашықтықтан оқытуға рұқсаты болуы үшін ол оқуды сәтті аяқтап, 1,2,3 және 6 семинарлар бойынша сертификаттар алуы керек. Осы семинарларды өтпеген жағдайда қашықтықтан оқыту мүмкін емес, өйткені Moodle жүйесінде жұмыс істеу үшін базалық білім минимумы және он-лайн режимде сабақ өткізу дағдылары қажет.

Егер төрт міндетті семинардың ішінен оқытушы 2-3 курсты сәтті аяқтаса, онда ол қашықтықтан оқытуға «шартты түрде жіберілген болып саналады және жақын арада оқудың толық циклын аяқтап, барлық міндетті семинарлар бойынша сертификаттарының болуымен растауы керек.

Өкінішке орай, 98 ПОҚ (немесе 24%) қашықтықтан оқытуға толық рұқсаты бар, 134 адам (33%) шартты түрде жіберілген, және олар оқуын аяқтауы керек, ал 180 адам (44%) Moodle-де жұмыс істеу және вебинарлар өткізу дағдыларын меңгермеген.

Ең төмен көрсеткіштер: ветеринарлық саитария, ветеринарлық медицина - 100% жіберілмеген (ескерту: бұрын осы білім беру бағдарламаларына бойынша қашықтықтан оқытуға тыйым салынған болатын), сонымен қатар агрономия кафедраларында (69%), **мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу технологиясы (62%), Сж ҚӨТ (60) %**).

Қашықтықтан оқытуға жоғары дайындық Экономика және қаржы кафедрасында (5% ғана жіберілмеген) және азаматтық құқық және үрдіс кафедрасында (8% жіберілмеген).

Проблемалар:

- Университетте базалық IT дағдылары бойынша семинарлар жоқ (MS Word, MS Power Point, суретті өңдеу), онсыз қашықтықтан оқытудың әдістемесі мен технологиясын игеру мүмкін емес. Ал базалық білім алулары қажет оқытушылар бар.
- Ағымдағы оқу жылында бейне дәрістерді әзірлеу және жазу бойынша бұрын жарамды болған семинарлар өткізілген жоқ. Оқытушылардың бұл курстарды өткізуге ынтасы төмен.
- Қашықтықтан оқытудың әдістері мен технологияларын оқып үйрену - ұзақ уақытты талап ететін үрдіс, оқытушыдан АКТ-ның негізгі дағдыларын ғана емес. ұйымдастырушылық пен жауапкершілікті талап етеді, Алайда, ҚБТ семинарларына жазылған оқытушылардың бәрі бірдей оқуға кіріспейді, ал оқыдарын бастаған оқытушылардың барлығы бірдей семинар бағдарламасын орындамайды және сертификат ала алмайды.
- ПОҚ оқытудың барлық процесі оқытылатындардың үлкен ағынын толық қамтуға шамасы жетпейтін КБЖКД институтынның 2-3 адамына түседі. Оқудан басқа, ҚБЖКД институтының қызметкерлері Moodle жүйесін басқарады, қашықтықтан оқыту процесін ұйымдастырады.

Сонымен қатар аппараттық жиналыс барысында министр Асхат Аймағамбетов пандемияның екінші толқыны күтіліп отырғанын, сондықтан жоғары оқу орындары жаңа оқу жылында қашықтықтан оқытуға дайын болуы керек деп дегенін атап айтқым келеді. Естеріңізде болса, үстіміздегі жылдың 16 наурызында барлығымыз қашықтықтан оқыту форматына көшуге мәжбүр болдық, бірақ бұған толық дайын болмадық. Мұның басты себептері - оқытушылар құрамының қашықтықтан сабақ беруге рұқсат берілу деңгейінің төмендігі және цифрландырылған оқу-әдістемелік материалдарының болмауы.

Ұсыныстар:

1. Университет ПОҚ үшін АКТ-ның базалық негізгі дағдыларын дамыту бойынша курстар жандандырылсын.

2. АКТ және қашықтықтан оқыту курстарының оқытушыларына алдын ала сағат сеткалары дайындалып және бекітіліп, курс бойынша сабақтарды өткізу оқу жүктемесіне енгізілсін.

3. Барлық оқу-әдістемелік кешендер электронды нұсқаға ауыстырылсын.

**Оқу жұмысы және инновациялар
бойынша проректордың м.а**



А. Исмаилов

1 кесте – Қашықтықтан оқыту технологиялары бөлімінің оқыту семинарлары

Семинардың атауы	Сағат саны
Семинар 1. Moodle қашықтықтан оқыту жүйесінде жұмыс істеу негіздері. Кіріспе курс.	36 сағат
Семинар 2. Moodle-де қашықтық курсы жобалау негіздері.	72 сағат
Семинар 3. Moodle қашықтықтан оқыту жүйесінде тесті құрылымдау	36 сағат
Семинар 4. Hot Potatoes бағдарламасында интерактивті тапсырмалар құрастыру және оларды Moodle-ге орналастыру	36 сағат
Семинар 5 Moodle қашықтықтан оқыту жүйесінде интерактивті дәрістерді әзірлеу	36 сағат
Семинар 6. Вебинарларды өткізу әдістемесі мен технологиясы	36 сағат

2 Кесте – ПОҚ қашықтықтан оқытуға жіберілуі

Кафедра	Кафедрадағы оқытушылар саны (штаттағы + ішкі қосымша - + докторанттар)	ҚО жіберілді		ҚО шартты түрде жіберілді		ҚО жіберілмеді	
		Кол-во	%	Кол-во	%	Кол-во	%
Экономика және қаржы	22	11	50	10	45	1	5
Азаматтық құқық және үрдіс	13	7	54	5	38	1	8
Биология және экология	18	5	28	10	56	3	17
Бухгалтерлік есеп және басқару	20	8	40	8	40	4	20
Математика және физика	17	6	35	7	41	4	24
Психология және педагогика	16	7	44	5	31	4	25
Мемлекет және құқық теориясы	15	7	47	4	27	4	27
Электрэнергетика	11	6	55	2	18	3	27
Шет тілі	14	3	21	7	50	4	29
Қылмыстық құқық және үрдіс	15	4	27	6	40	5	33
Тілдер және әдебиет теориясы	23	7	30	8	35	8	35
Информатика және	28	5	18	13	46	10	36

ақпараттық жүйелер							
Машина жасау	14	6	43	3	21	5	36
Журналистика және КМ	13	2	15	6	46	5	38
Машина, тракторлар және автомобильдер	17	6	35	4	24	7	41
Шетел филологиясы	19	0	0	9	47	10	53
Қазақстан тарихы және философия	28	1	4	12	43	15	54
СжҚӨТ	15	1	7	5	33	9	60
Бағдарламалық қамтамасыз ету	15	1	7	5	33	9	60
Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы	13	2	15	3	23	8	62
Агрономия	16	3	19	2	13	11	69
Вет. санитария	15	0	0	0	0	15	100
Вет. медицина	22	0	0	0	0	22	100
Дене шынықтыру және спорт	13	0	0	0	0	13	100
Университет бойынша барлығы Барлығы:	412	98	24	134	33	180	44